Эссе

„Тәуелсіздіктің 30 жылдағы: жастар, ғылым, руханият"

Тәуелсіздік қазақ халқының қаншама ғасырлар бойы аңсаған асыл мұраты. Ол қазақ халқының көзінде сонау жоңғар шапқыншылығы, зар-заман уақыты, ашаршылық, патша үкіметінің отаршылдық кезеңі, соғыс тауқыметінен кейінгі „атқан таң", болашақтың „күн сәулесі" іспеттес көрінді.

Сонау 15 ғасырдан бастап көрген жорықтар, шапқыншылықтар, халықтың тұрмысының нашарлауы, 19 ғасырлардағы Кенесары Қасым ұлы, Исатай-Махамбет батырларымыздың Ресей үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілістер, сан түрлі билік салық жайлы реформалар, орыстандыру және ұлттық мүддені жою саясаты, „Ұлы Отан" соғысы, „Желтоқсан көтерілісі" халқымыздың рухын, еңсесін мықталап, осы уақытқа жетеледі. Осы тарихи оқиғалар жайлы, ел жағдайы жайлы (Нысанбай Наурызбай) жырау, Кенесары-Наурызбай" жырында, Абай „Қайран елім қазағым...", Ақтамберді жырау „Күлдір-күлдір кісінетіп" шығармасында баяндаған. Дана да батыр ата-бабаларымыздың арқасында, біз бүгінгі күні бейбіт аспан астында өмір сүрудеміз. Бозторғай жұмыртқалаған заманда Тәуелсіз ел шаңырақ астында Мәңгілік тілі, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпы, Ата Заңы, әдебиеті бар Қазақстанға айналдық. Биыл мемлекетіміздің тәуелсіздік алғанына 30 жыл толды. Бүгінгі күні Қазақстан әлемде дамыған, еңсесі биік елдер қатарында. Қазақстан - Орталық Азиядағы ядролық қарудан бас тартқан мемлекет. Менің елім - әлемдік кризистен аз уақыт арасында шыққан мемлекет. Қазақстан 30 жыл ішінде өзінің шекарасын бекітіп, басқа елдер арасындағы қарым-қатынасын анықтап, терезесі теңесті. Ол ішкі саяси тұрақ-

Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

тұлақта сақтап, экономика, (б/я) әлеуметтік-саяси, рухани, мәдени, ғылыми салалар аясында даму бойынша жоғары көрсеткіштер көрсетті. Осы уақыт аралығында дамыған 50 ел қатарына ене алды. Осы жайттарға көптеген факторлар дәлел бола алады.

Мысалы, 1991 жылы тұңғыш президентіміз сайланып, алғашқы жарлық ретінде еліміз ядролық қарудан бас тартып, „Семей полигонын" жабу туралы жарлыққа қол қойды. Ол өте күрделі әрі жауапкершілікті талап ететін маңызды қадам.

1992 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының құқылы мүшесіне айналды. Қазіргі таңда басқа да ұйымдарға кіреді.

1993 жылы алғашқы Ата Заңымыз қабылданды. Конституция қабылданған соң елдің іргетасы қаланып, рәміздеріміз қабылданып, әнұран сөздері жаңа сарынға ие болды.

Қазақстанда орын алған ең ауқымды жоба - Астанада өткен „ЭКСПО-2017" халықаралық мамандандырылған көрмесі. Осы ауқымды көрме арқылы еліміз басқа мемлекеттер арасында беделге ие болып, әлемге Қазақстанның технологиялық мүмкіндіктерін паш етіп, халқымыздың мәдениетімен таныстырды, экономика және туризм саласында қарқынды дамыды. Ол біздің ғылым мен экономика бағытында дамығанымызды көрсетті.

2017 жылы қандасымыз Димаш Құдайбергенов Қытайда өткен халықаралық „Singer 2017" жобасында жеңіске жетіп, қазақ халқының мәдениетін өзінің жан дауысы арқылы әлемге танытты. Бұл жеңіс еліміздің мәдениет, руханият салаларындағы дамудың дәлелі.

Бірнеше жылдар бойы енгізілген „Рухани жаңғыру" жобасы жастарды ұлттық мүддеге, халық мәдениетіне, рухани жетілуге жетелейді. „Мен жастарға сенемін" деп М. Жұмабаев



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

айтқандай тұңғыш президентіміз ел болашағы жастар қолында екенін айта келе, осындай түрлі жобаларды „рухани даму" негізінде жүзеге асырған еді.

Ал 2020 жылдың „Жастар жылы" деп аталуы тағы да Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарға артқан үлкен үмітін білдіреді.

Атап өткен барлық нәтижелеріміз біздің ата-бабаларымыздың асыл еңбегі. Қорытындылай келе, енді жас ұрпақ осы еліміздің кемел де жарқын болашағы үшін еңбектеніп, алда қойылған мұраттарын осы ел дамуымен байланыстырып, тәуелсіз мемлекеттің сақталып, жаңғыруына өз үлесін қосады деп сенемін.

2-тапсырма

1. Қалыптасқаннан – етістік, қ.к. дара, жасалу ж.к. негізгі, м.к. болымды, салт.
   қалыптас - түбір
   қан - есімше жұрнағы
   нан - шығыс с. жалғауы
2. Болашағынан - зат есім, ж.ж.к. негізгі, қ.к. дара, м.к. жалпы, деректі
   болашақ - түбірі
   ы - тәуелдік жалғауының III ж.
   нан - шығыс с. жалғауы
3. Күттірер - етістік, ж.ж.к. негізгі, қ.к. дара, м.к. болымды, салт
   күт - түбірі
   тір - етістік жұрнағы
   ер - есімшенің жұрнағы


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

4. Беретін - сын есім, ж.ж.к. туынды, к.к. дара, м.к.
бер - түбірі
гіз - етістің жұрнағы
етін - көсемшенің жұрнағы
5. Алғашқы - сын есім, ж.ж.к. туынды, к.к. дара, м.к.
алғаш - түбірі
қы - сын есім жасаушы жұрнақ
6. Іргетасын - зат есім, ж.ж.к. туынды, к.к. дар, м.к. - жалпы, деректі.
ірге - түбірі
тас - жаңа сөз тудырушы жұрнақ
ын - тәуелдік жалғауының III ж.